

**МЕДИА БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕЛЕУ  
– ЖАСТАР САУАТТЫЛЫҒЫН  
АРТТЫРУ**

---

---

Ең қымбат, ең құнды дүние – уақыт. Мысалы, сіз 63 жыл өмір сүріп, күніне 8 сағат жұмыс істесеңіз, барлық ғұмырыңыздың 21 жылы жұмыс істеуге кетеді. Тәулігіне 8 сағат ұйықтасаңыз, 21 жыл ұйқыға, 6 жыл тамақ ішуге, 5 жыл әртүрлі сапарларға, 1 жыл телефонмен сөйлесуге, сондай-ақ қазіргі әлеуметтік желі дамыған заманда ең аз дегенде күніне 3 сағат смартфонға үңілер болсаңыз, 63 жыл ғұмырдың 8 жылы тек телефон шұқылаумен өтеді. Танымал социолог Кевин Круз “Уақытты басқарудың 15 сыры” атты еңбегінде, адам баласы үшін қазіргі таңда ең үлкен майдан – уақытты өз еркіне бағындыру депті. *Егер сіз уақытты меңгере алмасаңыз, уақыт сізді меңгереді, нәтижесінде ғұмырыңыздың берекесі кетеді.* Үлкен ілім иесі Қожа Ахмет Ясауи: “Кітабына үңілген бала, егін егумен айналысқан егінші, қолы істегі тігінші, ас үйде тамақ пісірген әйел жамандық жасауға уақыт таппайды”, - деген.

# ЗАҢНАМАМЫЗДА “КИБЕРБУЛЛИНГ” ТЕРМИНІ ЖОҚ

Кибербуллинг түсінігі ҚР-ның заңнамасында қарастырылмаған. Көптеген мемлекетте кәмелетке толмаған балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында заңдар қабылданған. Онда виртуалды әлемде балаларды теріс пікірден, зорлықтан, әлімжеттіктен қорғайтын ережелер қарастырылған. Әлеуметтік желіде кибербуллингке тап болмайтын адам жоқ. Ондай жағдайда жақындарымен сөйлесіп, теріс пікір жазушыларды бұғаттап, бірнеше күн әлеуметтік желіге кіруден бас тарту керек. Кибербуллинг балалар арасында көп кездеседі. Бұл жағдайдан бала өз бетімен шыға алмайды, жаман мен жақсыны ажыратуды білмейді. Сондықтан ата-анасы, мұғалімдері, мектеп психологы көмектесуі керек. Кибербуллингке тап болған жағдайда, алдымен akkaунтына үшінші тұлға кіре алмайтындай жабуы керек. Сондай-ақ әлеуметтік желі әкімшілігіне балағаттау және қорлау мақсатында жазылған пікірлердің скриншоттарын жіберіп, фактіні растау керек. Бұл әрекеттер тиімсіз болған жағдайда, құқық қорғау органдарына немесе компьютерлік инциденттерге әрекет ету қызметіне [kz-cert.kz](http://kz-cert.kz) өтініш жазу немесе “жедел желіге” 1400 хабарласу қажет. Халық даналығы “Сақтықта – қорлық жоқ”, “Сақтансаң-сақтармын”, -дейді.

# АҚПАРАТ НАРЫҒЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

- *Телеарна орнына You Tube?* Телеарналар да You Tube талаптарына бейімделе бастады. Қысқа видеолар лентасына үйренген жасөспірімдерге 40-50 минуттық дәстүрлі форматтағы тележобалар қызықсыз болуы мүмкін. Себебі қазір 5-6 секундтық TikTok видеолар жастар арасында танымал. Сондай-ақ ақпарат айдынында блогер, Telegram арналар, Instagram пабликтер ықпалы артуда. Алайда оқыс оқиғаны пабликте хабарлау үшін арнайы кең көлемді, деректері тексерілген мақала жазу міндет емес. Қысқа 4-5 сөйлем жеткілікті. Бұл оқырман үшін де ыңғайлы. Дегенмен, блогер, Telegram арна, Instagram пабликтерге ортақ бір фактор бар. Олар арнайы БАҚ ретінде тіркелмеген және деректердің рас-өтірігін айыруда белгілі жауапкершілігі жоқ. Журналистердің зерттеу жүргізу сапасы да арта түсті. Шымкент әкімдігінің Наурыз мерекесін тойлауы, “СҚ-Фармация” шығындары жайлы журналистік зерттеулер сотқа дейін жетті. Бюджеттің әр тиынын іздеген де – тілшілер. Ол Сіз бен Біздің мемлекетке салық ретінде төлеген қаржымыз.

# КРЕАТИВТІ ЖӘНЕ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУДЫҢ МӘНІ НЕДЕ ?

- Креативті ойлау – өнімді ойлау, тиімді шешім қабылдау, жағдайды алдын ала болжау, уақыттың өзі талап еткен жаңа идеялар, әріптестік байланысты арттыру, жаңалық ашу, басқарудың жаңа тәсілдерін ойлап табу, стандартты ойлау жүйесінен тыс идея және т.б. Мағжан Жұмабаев: – *“Жаратылыстың құшағында, меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеріп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада тұрып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиіс”,- деп ой түйіндеген. Ал, сыни ойлай білу өмірдің кез келген саласында қажетті дағды. Әсіресе сіз ақпаратпен тікелей жұмыс жасасаңыз және оны көпшілікке жеткізетін болсаңыз. «Сыни тұрғыдан ойлау негіздері» курсы – бұл ақпаратпен жұмыс жасау, оны сараптау, талдау дағдыларын қалыптастыру, дәлелдер құру, ақпаратпен жұмыс кезінде логикалық қателіктерден аулақ болуға үйрететін білім беру технологиясы.*

# ЖАҢА МЕДИАДАҒЫ БЛОГЕРЛЕР – ДЕМОКРАТИЯ ЖАРШЫЛАРЫ

- ХХІ ғасыр адам мен қоғам іс-әрекетінің жаңа, сапалы жағдайына көшумен сипатталады. Адамзат өз дамуының жаңа дәуіріне – ақпараттық кезеңге аяқ басты. Бүгінгі мектеп пен ЖОО-дағы білім беру бағыты – цифрлы трансформация бағытына бет алды. Қазіргі заманауи постиндустриалдық кезеңнің ерекшелігі – дамыған нарықтық экономика, ашық демократиялық қоғам, цифрлы сервистердің, жасанды интеллект технологияларының, “цифрлы сыңарлардың” және смартжүйелердің кең қолданысқа енуі. Бүгінде еліміздің ІТ нарығында *сұранысқа ие бағдарламалық инженерия, компьютерлік ғылымдар, киберқауіпсіздік, телекоммуникациялық жүйелер, көлемді, маңызды мәліметтерді талдау, медиатеchnологиялар, цифрлы журналистика, ІТ-менеджмент және т.б.* салалар пайда болды. Әрі бұл уақытқа, сұранысқа, заманға сай жаңа модельдермен толығып отырады. Сондықтан да отандық медиа саласында (кино, телевидение, радио, газет) істеген бір топ кәсіби мамандар қаладағы Оқушылар сарайы мен іргелі мектептерде “МЕДИАБІЛІМ” эксперименттік алаңы жобасы ретінде 5-10 сынып оқушыларына сабақты уақытқа сай жаңа бағытта бүгінгі сұранысқа ие мамандықтар әліпшесін жүйелі, үздіксіз оқыту әдістемесін қолға алдық.

**Біздің оқу курсымыз 11-16 жас аралығындағы 5-10 сынып оқушыларына арналған және олар мына пәндерден:**

1. *Журналистика* – мамандық негізін жаттау, кәсіби этика, журналистің жұмыс істеу әдісі және журналистік материалдың жанрлық әралуандылығы, редакторлық жұмыс негізі және телевидениедегі продюсерліктен тұрады.
2. *Тележүргізуші шеберлігі* – сабақ оқу телевизия студиясының телекамерасы алдында, кәсіби жабдықтар (суфлер, микрофон, жарық, дыбыс және т.б.) өтеді.
3. *Актерлік шеберлік* – ойын түріндегі сабақ, тұла бойды жаттықтыру, табиғи қысылу мен ұялшақтықтан арылу, коммуникабельділікті дамыту, жетілдіру және баланың бойындағы шынайы шығармашылық қабілет қабатын ашу.
4. *Сөйлеу техникасы* – кешенді сабақ, дауысты мәнерлі, сазды сөйлеуге бағыттау және сауатты сөйлеуді қалыптастыру, тыныс алу тәжірибесін жетілдіру, сөйлеу жаттығулары, сөйлеу аппараттарын жаттықтыру.
5. *Қарым-қатынас психологиясы* – ойын түріндегі сабақ, ол баланың коммуникабельділігін дамытуға бағытталады, шығармашылық үдерісте жекедаралықтан командада бірлесе жұмыс істеу, хабар қонағымен әңгімелесе отырып, оны дұрыс бағытқа бағыттау, өзін айнала қоршаған адамдарды тыңдай және ести білуі.

- *Видеомонтаж және компьютерлік графика* – композиция және сценарий, жарықпен жұмыс істеу, режиссура негізі және түсірілім, фото және видео түрлері, кадрларды жалғау және монтаж, хромайкер және титрларды жазу, дыбыспен жұмыс істеу, монтаж және бірнеше камерада түсірілімде сұбхат жүргізу, тиімділік және жарық коррекциясы, клипті монтаж, компьютерлік графика негізі, мобильдік (ықшам) бейнемонтаж.
- *SMM-жылжыту (продвижение)* – Instagram және YouTube-ке талдама (аналитика), таргеттелген жарнама, google adwords, жылжу, визуальдық бейнені түзу және жеке дара дизайн.

# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Білім беру бағдарламасының атауы	Игерудің мерзімі	нормативтік	Білім беру бағдарламасының сипаттамасы
<b>Қосымша білім беру. Күндізгі оқыту нысаны</b>			
"Теле-радиобағдарламалар жүргізушісі". "Диктор"	8 ай		Білім беру бағдарламасының сипаттамасы Оқу жоспары
"Кино және театр актері"	8 ай		Оқу жоспары
"Кино және теледидар режиссері"	8 ай		Оқу жоспары
"Дыбыс режиссері. Музыкалық редактор"	8 ай		Білім беру бағдарламасының сипаттамасы Оқу жоспары
"Журналист шеберлігі. Жазу мәдениеті. Ораторлық өнер."	8 ай		Оқу жоспары Күнтізбелік оқу кестесі
«Компьютерлік графика. Дизайн»	8 ай		Білім беру бағдарламасының сипаттамасы Оқу жоспары
«Фото, кино-телеоператор»	8 ай		Оқу жоспары
«Анимация және мультипликация»	8 ай		Білім беру бағдарламасының сипаттамасы Оқу жоспары
«Ивент – менеджмент»	8 ай		Оқу жоспары
"Интернет TV, РВ, Газет. Блоггер. Әлеуметтік желі"	8 ай		Білім беру бағдарламасының сипаттамасы Оқу жоспары
"Креативті және сыни ойлау"	8 ай		Білім беру бағдарламасының сипаттамасы Оқу жоспары

**АКТЕРЛІК СТУДИЯ** - Актерлік шеберлік; Сахнадағы (сценадағы) қозғалыс; Сөйлеу техникасы (шешендік өнер, ауызекі сөйлеу); Театр өнері; Сценарии, драматургия, редактура; Фотошеберлік;Баспа ісі.

---

**ТВ СТУДИЯ** - Журналистика; Теле-радиохабарлар жанры; Теле-радиожүргізуші шебер-лігі;Операторлық шеберлік; ТВ режиссурасы; Монтаж өнері; Продюсерлік мамандық.

**КИНО СТУДИЯ** - Шығармашылық лаборатория; Дыбыс режиссурасы; Этика, мәнер, эстетика; Музыкамен әрлеу; Радио өнері; Интернет, компьютер, цифрлық технология; Қарым-қатынас психологиясы.

## ***ТАЛАПКЕРЛЕР НАЗАРЫНА:***

*5-6 СЫНЫП ТОБЫ – Алғашқы Басқыш*

*7-8 СЫНЫП ТОБЫ – Негізгі Басқыш*

*9-10 СЫНЫП ТОБЫ – Қорытынды Басқыш*

---

*Білім бағдарламасы балалардың қабылдау жастарына орай жасалған. Сабақ теориямен қатар, көпшілігінде ойын форматында (2/3) өтеді. Оқу жылының соңында сертификат беріледі.*

***ЖОБА ЖЕТЕКШІСІ:*** *телезерттеуші, “Қазақстан” ұлттық арнасының (1976 – 1995 жж.) телекомментаторы, қоғамдық-саяси хабарлар Бас редакциясының бөлім меңгерушісі; әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і және Сулейман Демирель университеттерінің журналистика мамандығы бойынша (1995 – 2018 жж.) оқытушысы, филология ғылымдарының докторы, профессор ТҰРСЫН Құдайберген Жұмаханұлы.*